

**ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, жұмыс берушілер өкілдерінің  
және Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері  
кәсіподағының арасындағы 2021-2023 жылдарға  
арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімнің  
негізгі ережелерін орындау барысы туралы  
АҚПАРАТ**

Білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін салалық деңгейде еңбек шартын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісім, әлеуметтік әріптестік институттарының бірі ретінде қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін, сала қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді қамтамасыз етеді.

Жасалған Келісімнің тиімділігі ең алдымен, Тараптардың міндеттемелерді орындауға жауапкершілік деңгейіне байланысты.

Жалпы, Тараптардың өздеріне алған міндеттемелерді орындайтынын айта кеткен жөн.

Үшжақты келісім шарттарының бірі тараптардың бір-бірлеріне реттеу нысаны болып табылатын мәселелер бойынша толық және уақытылы ақпаратты жіберу болып табылады.

Министрлік бағдарламалық және стратегиялық құжаттар жобаларын әзірлеу кезінде, сондай-ақ қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде ол туралы Жұмыс берушілерге, Кәсіподаққа алдын ала ақпарат беріп, олардың пікірін, Салалық комиссия пікірін ескергені жөн.

Көрсетілген шарт мемлекет пен қызметкерлердің мүдделерін ескеретін жоғары сапалы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге күш салуға, ұсынылатын субъектілер құқықтарының бұзылуының алдын алуға мүмкіндік жасайды. Тараптардың НҚА әзірлеу кезіндегі ынтымақтастық үлгісі ретінде ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының жобаларымен, жалақы есептеу Ережелерімен, мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялау Ережелерімен жұмысы болып табылады. Мысалы, ҚР Оқу-ағарту министрлігі ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» № 83 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы мәселесін қарау жөнінде жұмыс тобын құрды.

Кәсіподақтың ұсыныстарының шамамен 75% НҚА жобасының құрамына кірді.

Дегенмен, Министрліктің қарайтын Келісімшарты бірнеше мәрте ескерілмей, ол туралы Кәсіподақ Кеңесі контрагенттерге хабарлағанын айта кеткен жөн. Мысалы, еліміздің педагогикалық қоғамы үшін 2022-2023 оқу жылының басында дене шынықтыру сабағын өткізу кезінде сыныптарды топтарға бөлуді тоқтатуды көздейтін білім берудің барлық деңгейлерінің жаңартылған білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын іс-әрекетке енгізу жағымсыз жаңалық болды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы ресми түрде 20 жылғы 10 тамызда жарияланды. Қызметкерлер мен жұмыс берушілер өкілдерінің алдағы болатын педагогтарды бұқаралық босатудан хабарлары болған жоқ, олардың пікірлерін ешкім сұрамады.

Дегенмен, ағымдағы жылдың тамыз айында ҚР Оқу-ағарту министрі әлеуметтік әріптестік туралы екінші салалық келісім жасауға ниет білдіретінін көпшілік алдында айтты. ҚР Еңбек кодексінің 149-бабына сәйкес салалық деңгейде жұмыскерлер уәкілеттік берген бірнеше өкіл болса, олардың әрқайсысына өздері өкілдік ететін санына байланысты пропорционалды өкілдік ету қағидаты негізінде келіссөздер жүргізу құқығы беріледі.

Осылайша, салалық деңгейлерде жұмыскерлер уәкілеттік берген бірнеше өкіл болса, тек бір ғана келісім әзірлеп, жасау жөнінде келіссөз жүргізу үшін бірыңғай өкілетті орган құрылуы тиіс.

Аталған норманы түсіндіруге еңбек саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі де осындай пікірді ұстанып отыр. Салада екінші келісімге қол қоюдан кейін Еңбек кодексінің әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссия құру тәртібіндегі 147-бабын, келісімдер жүргізу, әзірлеу және жасау тәртібіндегі 150-бабын бұзушылық болып табылады.

Еңбек кодексінің 154-бабы 2-т. сәйкес салалық келісімнің күші жұмыскерлерге және кәсіподақтағы мүшелігіне қарамастан, олардың өкілдеріне қолданылады. Осылайша, екінші келісімге қол қою арқылы жұмыскерлерге бір мезгілде екі келісімді қолдану үлгі болады.

Сонымен қатар, ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңының 13-бабымен кәсіподақ қызметкерлердің салалық деңгейдегі әлеуметтік әріптестікте, егер оның облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астанадағы санының жартысынан астамын қосатын аумақтағы құрылымдық бөлімшелері және (немесе) мүшелік ұйымдары болса, өкілетті өкілі болып табылатынын айқындайды.

Келісім жасауды ұсынған кәсіподақ аталған талапқа сай келмейді деп болжаймыз.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы әлеуметтік әріптестермен және балама кәсіподақ ұйымдарымен қатынаста

тек сындарлы ұстанымға ие болады. Мұндай ынтымақтастықтың үлгісі «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ әлеуметтік әріптестік жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған қолданыстағы келісіміне қосылу болып табылады, оның өкілдері әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссия құрамына енгізілді. Осылайша, әлеуметтік әріптестіктің қалыптасқан жүйесіне жаңа келісім жасауға бастама ұсынған кәсіподақ, егер ол ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңы 13-бабының талаптарына сәйкес келсе, қосылуға мүмкіндігі бар.

Ағарту саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның шешімі қате деп білеміз, саладағы әлеуметтік әріптестікті әрі қарай дамыта алмайды.

Бұл оқиға бойынша Кәсіподақ ҚР Оқу-ағарту министрлігіне тиісті алдын алу хатын жіберді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің аймақтардағы білім басқармаларының басшыларына қызметкерлердің кәсіподақтағы мүшелігін жыл сайынғы растауды талап ету туралы берген тапсырмасы да әлеуметтік әріптестікті нығайтуға септігін тигізбейді. Министр кәсіподақ ісіне заңсыз араласуға жол берілмейтіндігі туралы ескертілді. ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңының 8-бабына сәйкес мүшелікке өту және одан шығу шарттары мен тәртібі кәсіподақтың жарғысымен белгіленеді.

Кәсіподақтың негізгі міндеті кәсіподақ мүшелерінің еңбек жағдайларын нашарлатуға жол бермеу, қолданыстағы әлеуметтік-еңбек кепілдіктерін сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

Әлеуметтік әріптестік мақсаттары мен міндеттерін «лайықты еңбек» тұжырымдамасында қараған жөн, бұл әрбір қызметкерге жұмыспен тоық қамтылу кезінде жақсы өндірістік, әлеуметтік-еңбек және қауіпсіз еңбек жағдайында лайықты жалақы беріп, жұмысынан қанағат табатын, өз мүмкіндіктері мен шеберлігін көрсете алатын жоғары тиімді еңбекті білдіреді. Осындай еңбекпен жұмыскерлердің абыройы мен құқықтары қорғалып, олар ұйым қызметіне белсенді қатысады.

Үдемелі дағдарыс жағдайында ағарту саласындағы мемлекеттік уәкілетті органға қатысты Кәсіподақ әлеуметтік әріптестік жөніндегі Салалық комиссияның кезекті отырысында қарау үшін ұсыныстар пакетін дайындауда.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне бөліну жолымен қайта құрылуы жүзеге асырылғанын ескеріп, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министріне және Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығына салалық келісім жасау жөнінде келіссөздер бастау туралы ұсыныс жіберілді.

**Төраға орынбасары**



**В. Беженаров**